

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ
ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ**

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

В Е С Т Н И К

**ГОСУДАРСТВЕННОГО
УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ ШАКАРИМА
ГОРОДА СЕМЕЙ**

ISSN 1607-2774

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Бас редактор – Ескендіров М.Ғ., тарих ғылымдарының докторы, профессор;

Бас редактордың орынбасары – Әмірханов Қ.Ж., техника ғылымдарының докторы, профессор;

Әпсәліямов Н.А., экономика ғылымдарының докторы, профессор; Атантаева Б.Ж., тарих ғылымдарының докторы, профессор; Исакова Г.К., саяси ғылымдарының докторы, профессор; Вашукевич Ю.Е., экономика ғылымдарының докторы, профессор (Иркутск қ.); Дүйсембаев С.Т., ветеринария ғылымдарының докторы, профессор; Еспенбетов А.С., филология ғылымдарының докторы, профессор; Кешеван Н., PhD, профессор (Лондон қ.); Молдажанова А.А., педагогика ғылымдарының докторы, профессор; Рскелдиев Б.А., техника ғылымдарының докторы, профессор; Токаев З.Қ., ветеринария ғылымдарының докторы, профессор; Кәкімов А.К., техника ғылымдарының докторы, профессор; Панин М.С., биология ғылымдарының докторы, профессор; Рақыпбеков Т.К., медицина ғылымдарының докторы, профессор; Кожебаев Б.Ж., ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы.

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Главный редактор – Ескенди́ров М.Г. - доктор исторических наук, профессор;

Заместитель главного редактора – Ами́рханов Қ.Ж., доктор технических наук, профессор;

Апсалямов Н.А., доктор экономических наук, профессор; Атантаева Б.Ж., доктор исторических наук, профессор; Исакова Г.К., доктор политических наук, профессор; Вашукевич Ю.Е., доктор экономических наук, профессор (г. Иркутск); Дюсембаев С.Т., доктор ветеринарных наук, профессор; Еспенбетов А.С., доктор филологических наук, профессор; Кешеван Н., PhD, профессор (г. Лондон); Молдажанова А.А., доктор педагогических наук, профессор; Рскелдиев Б.А., доктор технических наук, профессор; Токаев З.К., доктор ветеринарных наук, профессор; Какимов А.К., доктор технических наук, профессор; Панин М.С., доктор биологических наук, профессор; Рахыпбеков Т.К., доктор медицинских наук, профессор; Кожебаев Б.Ж., доктор сельскохозяйственных наук.

© «Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорыны, 2016

© Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Государственный университет имени Шакарима города Семей», 2016

ӨОЖ. 637.523.32: 636.087.6

М.М. Какимов¹, Ғ.Б. Абдилова², А.М. Давлетова¹, М.Т. Мурсалыкова³

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қаласы¹, Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей қаласы², Инновациялық еуразиялық университет, Павлодар қаласы³

ҚҰРҒАҚ МАЛ ЖЕМІ ӨНДІРІСІНДЕ ЦЕНТРИФУГАЛАУ ПРОЦЕСІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Мақала құрғақ мал жемі өндірісіне арналған центрифугалау қондырғысын қарқындатуға арналған. Центрифугалау процесінің оңтайлы параметрлерін анықтау мақсатында центрифугалауға арналған тәжірибелік жабдық жетілдірілген. Тәжірибелік зерттеу нәтижесінде шұжықтың қалдық майлылығының тұнбаның орташа қалыңдығы мен әртүрлі ажырату факторларына тәуелділігі анықталған.

Түйін сөздер: құрғақ мал жемі, центрифугалау жабдығы, сұйық әртекті жүйе.

Құрғақ мал жемі өндірісінде центрифугалау процесі ет-сүйекті шұжықтан майды бөліп алуда қолданылады. Ет-сүйекті шұжықтан майды бөліп алуда центрифугалау процесін қолдану престоу және экстракциялау процестеріне қарағанда бөлініп алынатын майдың сапасы біршама жоғары болып келеді.

Алдыңғы қатарлы технологиялық процестердің ішінде гомогенді және гетерогенді жүйелерге жататын центрифугалау операциясының маңызы ерекше. Ол тек қана тамақ өндірісі саласында ғана емес, сонымен қатар химия, медицина және тағы басқа салаларда кеңінен қолданылады. Центрифугалау операциясының ең бір ерекшелігі суспензиялы, эмульсиялы бірнеше күрделі компонентерден тұратын сұйық әртекті жүйелерді ажырату процесінде бірден бір қолданылатын жабдық болып табылады [1,2].


Қазіргі таңда әр түрлі салаларда центрифугалау жабдығының негізгі 9 түрі пайдаланылады. Осының ішінде үздіксіз жұмыс атқаратын бес түрі бар оларға, сүзгіш-шнекті центрифугалар, пульсирлеуші, инерциялы, тұнбаны дірілмен түсіретін және тұндырғыш-шнекті центрифугалар. Бұлар сұйық әртекті жүйелерді ажырату процесінде қолданылатын ең тиімді жабдықтар болып табылады [2,3,4]. Бірақта қазіргі жағдайда технологиялық және динамикалық ғылыми жақтары тек үздікті түрде жұмыс атқаратын центрифугалау жабдықтарында ғана кеңірек зерттелген, үздіксіз түрде жұмыс атқаратын центрифугалау жабдықтарында бұл жақтарын қарастыратын зерттеу жұмыстары жеткіліксіз. Бұл ет өндірісі саласында өнімдерден сұйық фазаны ажырату мәселесінде айқын байқалады. Себебі, ет өнімдері тығыз байланысқан ылғал мен құрғақ қалдықтан тұратын, үлкен адсорбциялық қабілеттілікке ие күрделі коллоидты-дисперсті жүйе болып табылады. Сұйық әртекті жүйелерді ажырату процесін зерттеуде жабдықтың геометриялық ерекшеліктерімен қатар өндірістің технологиялық ерекшеліктеріне көңіл бөле отырып, процеске сапалық және сандық сипат беретін ғылыми жұмыстар жеткіліксіз. Зерттеу жұмыстарында геометриялық өлшемдері жалпылама қарастырылып орташа мәндік заңдылықтар негізінде алынады. Бұл өтетін процестің нақты сипаттамасын толық бере алмайды. Осы жағдайлар центрифугалау жабдығында сұйық әртекті жүйелерді ажырату процесін жетілдіруде әлі де болса көптеген зерттеулерді қажет ететіндігін аңғартады.

Жоғарыда келтірілген мәліметтер негізінде ғылыми жұмыста сұйық әртекті жүйелерді ажырату процесін зерттеу нысаны ретінде алып. Өндірісті дамыту мен жетілдірудің қажеттіліктерін ескере отырып жабдықтың қуатын төмендетіп, өнім өндіру көлемін арттырудың өзіндік мүмкіндіктерін қарастыратын центрифугалау жабдығында сұйық әртекті жүйелерді ажырату процесін жетілдірудің маңызы жоғары [5].

Ет өндірісі технологиялық желісіне арналған әртекті жүйелерден сұйық фракцияны ажырату процесін қарқындатуда центрифугалау қондырғысын жетілдіру мақсатында ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Ғылыми жұмыстың негізгі мақсаты центрифугалау процесіне қажетті тиімді факторларын анықтау, процестің бірыңғай құрылымы мен ғылыми негіздемесін жасау және сол арқылы қазіргі

нарықтық заман қажеттілігіне сай, орта және шағын өндірістерде ет технологиялық желісіне арнап центрифугалау қондырғысының құрылымын жетілдіру.



Сурет 1 - Шұжықтың қалдық майлылығының тұнбаның орташа қалыңдығы мен әртүрлі ажырату факторларына тәуелділігі.

Айтылған мақсаттарға сәйкес центрифугалау процесі кезінде шұжықтың қалдық майлылығының тұнбаның орташа қалыңдығы мен әртүрлі ажырату факторларына тәуелді өзгерістері зерттелді. Ажырату факторларына тәуелді шұжық тұбасының орташа қалыңдығының сүзілу қабатын анықтау центрифугалау процесін сипаттауда маңызды факторлардың бірі болып табылады. Тиімді ажырату факторы шұжық тұбасының орташа қалыңдығы неғұрлым максимальды мөлшерде қалын болуымен және сұйық фракцияның қарқынды ажырау процесіне байланысты анықтаймыз.

1-суретке сәйкес төмен ажырату факторларында $F'_r = 84 \div 398$ шұжықтағы қалдық майлылықтың жоғарлығына қарамастан центрифугалау процесінің ұзақтығының шұжық тұнбасының орташа қалыңдығына $h_{op.} = 0,025$ м. тең мәнінде тоқталғанын байқауға болады. Бұндай құбылыстарды төмен ажырату факторларында ротордың ішкі қабырғасына шыжық тұнбасының центрифугалау жылдамдығының төмендігінен біртіндеп қалындауы әсерінен сүзілу уақытының ұзақтығына байланысты шұжықтағы сүзілу жолдарының баяу жабылуымен түсіндіре аламыз. Бірақта ажырату факторының төмендігінен ортадан тепкіш күштің мәнінің сәйкесінше төмендеуіне байланысты бұл ажырату факторларында шұжықтағы қалдық майлылық жоғарғы пайызда. Ал жоғарғы ажырату факторларында $F'_r = 712 \div 1340$ шұжықтағы қалдық майлылықтың төмендегенімен центрифугалау процесінің ұзақтығының шыжық тұнбасының орташа қалыңдығының $h_{op.} = 0,02$ м. тең төмен мәнінде тоқталды. Бұл себептерді жоғары келтірілген сипаттамаларға керіағар факторлармен түсіндіре аламыз. Яғни, жоғарғы ажырату факторларында центрифугалау жылдамдығының артуына және соған сәйкес сүзілу уақытының қысқаруына байланысты шұжық тұнбасының жылдам қалындап шұжықтағы сүзілу жолдарының қарқынды түрде жабылуымен байланыстырамыз. Дегенменде ажырату факторының жоғарлығына байланысты ортадан тепкіш күштің мәнінің сәйкесінше артуы шұжықтағы қалдық майлылықтың пайыздық көрсеткіші төмендеуіне өз мүмкіндігін береді.

Сонымен 1-суретке сәйкес $h_{opt.} = 0,02$ м. шұжықтың орташа тұнба қалыңдығы мәнінде $F'_r = 712$ және $F'_r = 1340$ ажырату факторларына тәуелді центрифугалау процесінің тоқтап өзінің төменгі шегіне жеткендігін түсінуге болады. Яғни, ажырату факторын $F'_r = 712$ -ген артық арттыру

центрифугалау процесінде ешқандай нәтиже бермейтіндігі белгілі болды. Сондықтан өзара $F_r' = 712$ және $F_r' = 1340$ ажырату факторларын салыстыра келіп процеске жұмсалатын қуатты ескере (өйткені $F_r' = 712$ ажырату факторына карағанда $F_r' = 1340$ ажырату факторында жұмсалатын қуат жоғары) отырып $F_r' = 712$ тең ажырату факторын тиімді параметр ретінде анықтаймыз. Ал тиімді тұнба қалыңдығы ретінде $h_{op.} = 0,015$ м. тең параметрді таңдап аламыз. Өйткені $h_{opt.} = 0,005 \div 0,01$ м. тең шұжықтың орташа тұнба қалыңдығында қалдық майлылықтың пайыздық көрсеткіші төмен деңгейде болғанымен бұл нүктелерде қалдық майдың көп бөлігі ылғалмен шайылып кететіндіктен өнім биологиялық құндылығы жағынан және тұнба өнімділігі төмен. Осы себептерге байланысты ажырату факторлерінде бұл нүктелер тиімді параметрлер болып табылмайды.

Әдебиет

1. Ивашов В.И. Технологическое оборудование предприятия мясной промышленности. Часть I. Оборудование для убоя и первичной обработки. –М.: Колос, 2001. – 552 бет.
2. Файвишевский М.Л., Либерман С.Г. Производство животных кормов. – М.: Легкая и пищевая промышленность, 1984. – 328 бет.
3. Либерман С.Г. Производство пищевых животных жиров на мяскокомбинатах – М.: Легкая и пищевая промышленность, 1982. – 256 бет.
4. Пелеев А.И. Технологическое оборудование предприятий мясной промышленности. –М.: Пищевая промышленность, 1971. –520 бет.
5. Какимов М.М., Қасенов Ә.Л., Шаменов М.Е., Еренгалиев А.Е., Тохтаров Ж.Х., Мурсалыкова М.Т. Құрғақ мал жемі өндірісінде центрифугалау арқылы сұйық әртекті жүйелерді ажырату процесінің ғылыми-зерттеу нәтижелері, Монография, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, Семей қ, 2013 - 163 бет.

Электрондық ресурс:

4. ЭКК Е. В. Г.И. Математическое моделирование процессов выдавливания [Электрон. ресурс]. – 1999. – URL:<http://sigla.rsl.ru/> (өтініш беру күні: 17.10.2015 ж).

ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ПРОЦЕССА ЦЕНТРИФУГИРОВАНИЯ В ПРОИЗВОДСТВЕ СУХИХ ЖИВОТНЫХ КОРМОВ

М.М.Какимов, Г.Б.Абдилова, А.М.Давлетова, М.Т.Мурсалыкова

Аннотация: Статья посвящена совершенствованию процесса центрифугирования в производстве сухих животных кормов. С целью определения оптимальных параметров процесса центрифугирования разработана экспериментальная установка для центрифугирования. В результате экспериментальных исследований определены зависимости средней толщины остаточной жирности осадка шквары и различных факторов разделения.

WAYS OF IMPROVING THE PROCESS OF CENTRIFUGATION IN THE MANUFACTURE OF DRY ANIMAL FORAGES

M.Kakimov, G.Abdilova, A.Davletova, M.Mursalykova

The summary: The article is devoted to the improvement of the process of centrifugation in the manufacture of dry animal forages. To determine the optimal parameters of the centrifuge process developed experimental setup for centrifugation. As a result of experimental studies the dependence of the average thickness of residual oily sludge dross and different separation factors.

ШЫРҒАНАҚ ӨНІМІН ӨНДЕУДІҢ ЖАҢА ТҮРІ

Аннотация: Бұл мақалада шырғанақтан өнім өндіру технологиясын зерттеу туралы және де жетілдірілген жабдықтардан тұратын жаңа технологиялық желі арқылы бір шикізаттан өнім ассортименттерін өндіруге болатындығы туралы айтылады.

Кілтті сөздер: шырғанақ, дәрумендер, микроэлементтер, сығынды, шырын бөлу.

Дәрумендер мен микроэлементтер – кез-келген адамның рационының маңызды бөлігі болып табылады. Адамның көңіл-күйі, терісі, шашы және тырнағының жай-күйі тікелей осыларға байланысты. Өмірлік қажетті дәрумендер – бұл бірінші кезекте антиоксидант болып табылатын, А (ретинол, каротин), С және Е, сонымен қатар В тобының дәрумендері. Дені сау организм үшін негізгі минералды заттар алтау. Олар: кальций, йод, темір, магний, фосфор және цинк.

Халық арасында осы дәрумендерді тағамдық қоспа – таблетка немесе тамшы түрінде қолдану жеткілікті деген ой қалыптасқан. Алайда, бұл қате ой. Дәрумендер мен минералдар организмге таблетка түрінде толығымен сіңірілмейді. Көптеген адамдар жеміс-жидектер мен көкөністерді қолданады. Алайда, бір күндік дәрумендік норма мысалы, бір килограмнан кем емес алма жемісін кез келген организм сіңіре алмайды [1].


Бұл мәселені шешудің маңызды алғышарты шығынсыздықты, өндірістің циклін қысқартуы және биологиялық белсенді заттарды сақтауды қамтамасыз ететін, өсімдік шикізатын кешенді өңдеуге арналған технологиялық желілердің әмбебаптығы мен икемділігі болып табылады. Қазіргі кезде өндірісте қолданылатын майқұрамды жемістерді өңдеуге арналған технологиялық желілер мен жабдықтар, шектік өнімділігінің төмендігі мен процестің ұзақтығы, шикізатты ұсақтауға кететін энергия шығынының жоғарылығы, жемістерді өңдеудегі қалдықтың көптігі, алынатын консервіленген өнімнің және фармокологиялық препараттың сапасының төмендігі әсерінен тиімсіз болып келеді. Сол себепті, жеміс пен жидек дақылдарына технологиялық және химиялық әсер ету кезіндегі биологиялық белсенді заттардың өзгеруі заңдылықтары негізіндегі технологиялық жабдықтарды да, технологиялық процестерді де бақылау және жақсарту керек.

Тәжірибелік зерттеу жұмыстар шырын бөлуге арналған тәжірибелік пресс жабдығының құрылмалық көрсеткіштері негізінде атқарылды. Тәжірибелік зерттеу жұмысына біздің аймақта өсетін екі сұрыпты жабайы шырғанақ өнімі пайдаланылды.

Оларды атап айтатын болсақ: тостаған тәрізді және Алтайлық жабайы шырғанақ өнімдерін қолдандық. Тостаған тәрізді жабайы шырғанақтың биіктігі 2 – 2,5 м болады өнімі аса ірі емес көктемгі кезде тез гүлдейді, жапырақтары жіңішке ұзын болып келеді. Ал Алтайлық түріне тоқталатын болсақ оның өнімі ірі және жапырақарынан бұрын гүлдейді, биіктігі 3 м дейін жетеді біздің зерттеуімізде шырғанақтың осы түрін қолдандық.

Престеу процесінен кейінгі алынған шырын мен сығындыны салыстыра отырып, шырғанақтың тостаған тәріздес сұрыпқа қарағанда алтайлық сұрыпты жабайы шырғанақтың жемістік дәнінде шырын мөлшері көбірек, өйткені алдындағы суреттерден байқағанымыздай оның жемістік дәнінің ірі екендігін көруге болады. Ондағы шырын мөлшері 55% құраса, қалған мөлшері сүйек және әртүрлі қоспалардан тұрады.

Шырын бөлу өндірісіне арналған тәжірибелік пресс жабдығы Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінде инженерлік-технологиялық факультетіндегі, «Тамақ өнімдерінің техникасы мен технологиясын жетілдіру» зертханасында жасалынып, Қазақстан Республикасының №2010/0637.1 инновациялық патент алынды. Шнектің бойлық өсіне қысымның біркелкі таралуын қамтамасыз ететін механизммен престеу процесін қарқындалу мақсатында, шырын бөлу өндірісіне арналған тәжірибелік пресс жабдығы 1 суретке сәйкес құрастырылып жасалды [2, 3].



Сурет 1 - Шырын бөлуге арналған шырынсыққыштың жалпы көрінісі:

1 – тұрық; 2 – шнек; 3 – шырын шығатын конус тәрізді тор; 4 – қысым реттегіш механизм; 5– бекіту сомыны; 6 – жүктемелі шанақ.

Тәжірибелік пресс жабдығы мынандай негізгі бөлшектермен жабдықталған: цилиндрлі тұрқыдан, тұрқы ішінде орналасқан конус тәрізді престеуші шнектен және конус тәрізді шырын шығатын тормен өнім жүктелетін шанақтан тұрады. Сонымен қатар қысым реттейтін механизммен жабдықталған.

Шырын бөлуге арналған жабдықтағы қысым реттегіш механизм конусты шнек пен конус тәрізді шырын шығатын тордың арасындағы саңылаудың тұтас өзгеруіне байланысты қысымның шнектің бойлық өсіне біркелкі таралуын қамтамасыз етеді. Бұл процесс конусты шнектің ілгерлемелі – кейінді қозғалыс жасауы арқылы іске асырылады.

Шырғанақ бөлуге арналған жабдықты, қысымды реттеу механизмі негізінде жетілдіргендіктен және диссертациялық жұмыстың жаңалығы осы механизмге байланысты болғандықтан бұл механизмге ерекше сипаттама берсек. Қысымды реттегіш механизм - серіппеден, жаппа гайкадан, бақылау гайкасынан және екі сырғанау ұштірегі мен шайбадан, резиналы нығыздағыш сакинадан тұрады.

Шырын бөлгіш жабдығы келесі түрде жұмыс істейді: шырғанақ шанақтан 6 престеуші бөлмешікке беріледі. Қысым өнімге престеуші шнектің 2 сыртқы диаметрінің өнімнің жүріс бағыты бойынша сатылай кішіреюі нәтижесінде туындайды да, конус тәрізді тор 3 тесіктері арқылы шырын бөлінеді. Шырын бөлінуіне қажетті қысым арнайы ойластырылған қысым реттегіш механизм 4 негізінде реттеледі.

Жетілдірілген жабдықтың құрылымына қысым реттегіш механизмін кіргізу нәтижесінде, конусты шнек пен конус тәрізді тордың арасындағы саңылаудың тұтас өзгеруін қамтамасыз ете отырып қысымның шнектің бойлық өсіне біркелкі таралуын қамтамасыз ету арқылы шырын бөлу процесін қарқындатып, меншікті қуат шығынын азайтуға қол жеткіземіз [4].

Қазіргі кездегі кең көлемді өндірістерге арналған шырын бөлу өндірісі желісін шағын және орта өндірістерде қолдануда қосымша қажеттіліктерге байланысты қиындықтар туғызып отыр. Осыған байланысты диссертациялық зерттеу барысында, технологиялық өңдеу желісін қазіргі өндіріске сәйкес қысқартуды, престеу процесін қарқындату жолдары қарастырылды.

Нәтижесінде жабдықтың құрылымына қысым реттегіш механизмін кіргізу нәтижесінде, конусты шнек пен конус тәрізді тордың арасындағы саңылаудың тұтас өзгеруін қамтамасыз ете отырып қысымның шнектің бойлық өсіне біркелкі таралуын қамтамасыз ету арқылы шырын бөлу процесін қарқындатып, меншікті қуат шығынын азайтуға қол жеткіздік.

Қолданылған әдебиеттер:

1. <http://dlib.rsl.ru/viewer/01002816989#?page=4>, Темботова И.И. Действие биоантиоксидантов облепихи крушиновидной на физиологические показатели сердечно-сосудистой системы человека: диссертация на соискание ученой степени кандидата биологических наук - Нальчик, 2005 – 118 с.
2. Касенов А.Л., Какимов М.М., Тохтаров Ж.Х., Орынбеков Д.Р., Жолжаксина А.Д. / Шырғанақ өнімінен шырын сығуға арналған шнекті пресс / «Азық-түлік қауіпсіздігі және халықтың салауатты тамақтануы» Халықаралық ғылыми форумының материалдар жинағы – Семей: 2010. – Б. 24-25.
3. Касенов А.Л., Какимов М.М., Тохтаров Ж.Х., Орынбеков Д.Р. / Экспериментальные исследование интенсификации процесса прессования / Актуальные проблемы техники и технологии

переработки молока. – Барнаул: ГНУ «Сибирский научно-исследовательский институт сыроделия» Сибирская отделения Российской академии сельскохозяйственных наук, 2010, № 7. – С. 58-61.

4. Касенов А.Л., Какимов М.М., Тохтаров Ж.Х., Орынбеков Д.Р., Жолжаксина А.Д. / Шырғанак өнімін өңдеу мақсатында престоу жабдығын жетілдіру/Аналитикалық шолу - Өскемен: «ҰҒТАО» АҚ Шығыс Қазақстандағы филиалы 09.04.2011 ж. 48 бет.

НОВАЯ ЛИНИЯ ОБРАБОТКИ ОБЛЕПИХИ

Н.Мұратжанқызы, Ә.Л. Қасенов, Ж.Х.Тохтаров, А.Төлеуғазықызы, Г.М.Байбалинова

Аннотация: В данной статье описывается изучение технологии производства облепихи, а также возможность расширения ассортимента пищевых продуктов от одного вида растительного сырья с помощью новых технологий и передовой производственной линии.

A NEW LINE OF TREATMENT OBLIGE

N .Muratzhankyzy, A.L.Kasenov, Zh.Kh.Tokhtarov, A.Tolegazykyzy, G. Baibalinova

Abstract: This paper describes the study of technology of production of sea buckthorn and the possibility of expanding the range of food products from one type of vegetable raw materials with the help of new technologies and advanced production line.

УДК: 137.3

А.Төлеуғазықызы¹, Ш.Б. Байтукенова², Г.Н.Нурымхан¹, Н. Мұратжанқызы¹, А.О.Утегенова¹

¹Семей қаласының Шәкәрім атындағы МУ, ²Казахский агротехнический университет имени С.Сейфуллина

НАН-ТОҚАШ ӨНІМІНІҢ ЖАҢА ТҮРІ

Аннотация: Бұл ғылыми мақалада адам денсаулығына пайдалы минералды заттармен байытылған нан-тоқаш өнімдерінің химиялық құрамына талдау жасалған.

Кілт сөздері : нан-тоқаш өнімдері , сұлы , аминқышқыл , минералды заттар.

Қазіргі таңда өңдеу өндірістерін қалдықсыз өңдеуге мүмкіндік беретін өңдеудің жаңа технологиялары кеңінен қолданылуда. Нан өнімдерін өндіру барысында дәстүрлі емес шикізаттарды қолдану арқылы жаңа технологиялар енгізуге, тұтынушылардың сұранысын қамтамасыз ету үшін нан өнімдерінің құрамын байытуға үлкен мән берілуде.

Соңғы он жылдықта мемлекетте қазіргі жаңа технология бойынша минералды тыңайтқыштар қолданылмаған қоспасыз, табиғи шикізаттан алынатын, экологиялық таза аймақтарда өсірілетін экологиялық таза тамақ өнімдерді өндіретін саланы дамытуға баса назар аударуда.

Қазіргі кездегі сапа мәселесі біріншілік мәнге ие болып отыр.Өнімнің сапа стандартына сәйкес- өнім құрамы қажеттілікті қанағаттандыруға жарамды және тағайындалуына сай болуы керек. Осыған орай жаңа өнім алу барысында оның экономикалық жағынан тиімділігі мен алынған өнімнің адам ағзасы үшін пайдалы болуы басты назарға алынды. Жаңа өнімді құру академик И.А.Рогов ұсынған тағамдық құндылықтардың кешенді көрсеткіштерін талап ететін өнімді жобалауды қарастыратын әдістеме негізінде жасалынды. Бұл әдістеме ақуызы, майы, минералды заттар, дәрумендер және т.б. мөлшері анықталған өнім алуға мүмкіндік береді [1].

Сұлы ұнынан жасалған табиғи ашытқыны қазақтың ұлттық тағамдарының қатарына кіретін тандыр нан өніміне пайдалану қарастырылды. 100 кг өнім алу үшін қанша мөлшерде шикізат қолданылатындығы туралы 3 нұсқаның мәліметтерін 7-ші кестеден көре аласыздар.

100 кг тандыр нан алу үшін қажетті шикізаттар көлемі

Кесте – 1

Шикізаттың аталуы	Бақылау өнімі	I нұсқа	II нұсқа	III нұсқа
Бидай ұны, кг	60	50	45	40
Сұлы ұны, кг	-	10	15	20
Ашытқы, кг	1,5	-	-	-
Сұлы ұнынан жасалған ашытқы	-	1,5	1,5	1,5
Маргарин	10	10	10	10
Тұз, кг	1,5	1,5	1,5	1,5
Су, кг	27	27	27	27
Барлығы	100	100	100	100

1-кестеде көрсетілгендей, рецептурада тандыр нан өнімін алу үшін 2 -нұсқасы оңтайлы деп саналды. 1, 2 және 3-ші нұсқа арқылы тауарлық қасиеті мен органолептикалық түрін (кесте 1) талдау арқылы 2-ші нұсқа оңтайлы деп саналды. Рецептурада сұлы ұнын қосу 15 кг, сұлы ашытқысын қосу мөлшері 1,5 кг - ды құрайды. Құрғақ ашытқыдан жасалған тандыр нанға қосылған жасанды жолмен алынған ашытқы асқазанның шырышты қабатын зақымдап, қалыпты микрофлорасын бұзады және адам ағзасы үшін пайдасыз, осы екі ашытқыны рецептураға қосқандағы құнын ескеретін болсақ, сұлы ашытқысын пайдалану экономикалық жағынан да тиімді, себебі құрғақ ашытқының 1,5 кг 900-1000 теңгені құраса, ал сұлы ұнынан жасалған табиғи ашытқының 1,5 кг 400-500 теңгені құрайды .

Нан өнімінің сапасын органолептикалық әдіспен бағалау. Органолептикалық бағалауда МЕСТ 9959-91 стандарты талаптарына сай бұйымның негізгі сапалық көрсеткіштерінің (сыртқы түрі, түсі, иісі, дәмі, консистенциясы) сәйкестігін анықтайды. [2].

Пішіні: дұрыс нанның түріне сай.

Нанның жұмсақ бөлігінің күйі: пісілуі жақсы, жұмсақтығы жабысқақ емес, ылғалсыз; елеуі кесексіз; иілімі – ақырын саусақпен басқанда жұмсақтығы алғашқы күйіне тез келуі керек.

Балғындылығы: жаңа піскен нанның қыртысы қара, беті тегіс, жұсақтығының түсі біртекті, иілімді, дәмі мен иісі берілген өнімге сай (анықтауды дегустациялық комиссия бес балдық жүйе бойынша жүргізді).

Тандыр нанның органолептикалық көрсеткіштері

Кесте - 2

Тандыр нан	Сұлы ұнының мөлшері, кг	Органолептикалық бағалау			
		түсі	дәмі және иісі	консистенциясы	Жалпы бағасы
Бақылау өнімі	0	5	4,5	5	4,8
Тәжірибелік өнім (Сұлы ұны қосып жасалған тандыр нан)	10	5	4	4	4,3
	15	5	5	5	5,0
	20	4	4	4	4,0

Органолептикалық бағалау тәжірибелік өнімнің бақылау өнімінен кем түспейтіндігін көрсетті. Қазақтың ұлттық нан өнімі тандыр нан өндірісінде белгілі бір мөлшерде сұлы ұнын қолдану өнімнің түрін, түсін, консистенциясын жақсартуға мүмкіндік береді. 1,2 және 3-нұсқаны эксперименттік зерттеулер нәтижесінде тандыр нан өнімі үшін 2-нұсқа оңтайлы деп танылды.

Тәжірибелік үлгі жаңа тандыр нан өнімінің тағамдық, биологиялық және энергетикалық құндылығын зерттеу 2-нұсқаға сәйкес рецептураға 15 кг сұлы ұнын қолдану бойынша жүргізілді.

Өнімнің химиялық құрамын талдау тәжірибелік өнімде бақылау өнімімен салыстырғанда ақуыздың, минералды заттардың көп мөлшерде екендігін көрсетіп отыр (кесте - 3,).

Тандыр нанның жалпы химиялық құрамы

Кесте - 3

Атауы	Бақылау өнімі	Тәжірибелік өнім (Сұлы ұны қосып жасалған тандыр нан)
Ақуыз	8,3	9,5
Май	2,4	2,3
Көмірсу	49,2	49,5
Энергетикалық құндылығы	251,5	257

3-кесте мәліметтері тәжірибелік өнімдегі ақуыз мөлшері бақылау үлгісінен 1,2%-ға жоғары екендігін көрсетіп отыр. Ақуыздар - тағамның маңызды құрамдас бөлігі. Тағамдағы ақуыздың жетіспеушілігі ағзаның жұқпалы ауруларға қарсы тұра алмауының себебі болуы мүмкін. Ақуыздар дененің негізгі құрылыс материалы және тағамның теңдесіз бөлігі болып табылады. Майлар жасушадағы зат алмасу жүзеге асатын, клеткалық мембрананың өткізгіштігіне қатыса отырып, адам ағзасының қалыпты жұмыс жасауында өте маңызды рөл атқарады. Адам ағзасында майлар зат алмасуға, белок синтезіне, тканьдер түзуге қатысады, және энергия көзі болып табылады.

Зерттеу нәтижесі бақылау үлгісіндегі көмірсу мөлшері тәжірибе үлгісінен кем түспейтіндігін көрсетіп тұр. Көмірсулар - адам тіршілігінде үлкен роль атқаратын көптеген органикалық қосылыстардан тұрады. Адам организміне тәулігіне 400-500 г көмірсу қажет. Көмірсу компоненттерінің сіңімділігі өте жоғары. Олар белгілі бір мүшенің функционалды қызметі мен зат алмасуда және организмнің қорғану реакциясында белгілі бір орын алады. Тамақ рационнда көмірсулар жетіспесе энергия түзу үшін белок көп шығындалады. [3].

Ақуыздардың биологиялық құндылығы олардың аминқышқылдық құрамына – толық қажетті аминқышқылдар санына байланысты. Тағамда тіпті ауыстырылмайтын аминқышқылының біреуі болмаған жағдайда, ағзадағы ақуыздың синтезделуі мүмкін болмайды немесе бұзылады. Сол себепті күнделікті тұтынатын тағам құрамында алмастырылмайтын аминқышқылдарының жеткілікті мөлшерде болуы өте маңызды. Тәжірибелік өнімні аминқышқылға байытылған.

Зерттеу нәтижелерінен көріп тұрғанымыздай алмастырылмайтын аминқышқылдарының мөлшері бақылау үлгісіне қарағанда тәжірибелік үлгіде біршама жоғары. Бақылау үлгісінде алмастырылмайтын аминқышқылдарының мөлшері 2298 мг/г болса, тәжірибелік үлгіде 2629 мг/г құрайды. Сондай-ақ алмастырылатын аминқышқылдар мөлшері бақылау үлгісінде 3258 мг/г құраса, тәжірибелік үлгіде 3417 мг/г құрайды. [4].

Дайын өнімнің дәрумендік құрамын анықтау Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті жанындағы «Радиоэкологиялық зерттеулердің ғылыми орталығы» инженерлік бейіндегі зертханасында жүргізілді. 4-кестеде бақылау өнімі мен тәжірибелік өнімнің салыстырмалы дәрумендік құрамы келтірілген.

Тандыр нанның дәрумендік құрамы

Кесте - 4

Атауы	Бақылау өнімі	Тәжірибелік өнім (Сұлы ұны қосып жасалған тандыр нан)
В1 (тиамин), мг	0,21	0,25
В2 (рибофлавин), мг	0,08	0,18
В5 (пантотен), мг	0,831	1,8
В6 (пиридоксин), мг	0,265	0,32
Е (токоферол), мг	2,1	4,2
РР (ниацин), мг	2,84	3,2
Барлығы, мг	6,326	9,95

Салыстырмалы зерттеу жұмысының нәтижесі бақылау өнімінің жалпы дәрумендік құрамы тәжірибелік өнімнен 3,624 мг-ға артық екендігін көрсетіп отыр. Дәрумендер ағзада болатын химиялық реакцияларға жағдай жасап, сондай - ақ ферменттердің түзілуіне және қызмет істеуіне белсенді қатысады. ағзаның нәрлі заттарды сіңіруіне әсер етеді, жасушаның қалыпты өсуіне себепші болады. Сондықтан, ағзаға дәруменнің жетіспеушілігі немесе оның жоқтығы зат алмасу жұмысының бұзылуына әкеп соғады.

Минералды заттар адам ағзасында маңызды орын алады: тері құрамына кіреді, зат алмасуға,

ферменттерді, гормондарды бөлуге, ас қорыту сөлін түзуге қатысады. Ағзада белгілі бір элементтің жетіспеуі немесе болмауы әр түрлі ауруларға әкеліп соғады. Дайын өнімнің минералдық мөлшері Жапонияның JEOL Technics Ltd фирмасының JSM-6390 сканерлеуші электронды микроскобында зерттелді.

Зерттеу нәтижелерінен тәжірибелік өнімнің құрамында минералды заттардың жеткілікті мөлшерде екендігін көре аламыз. Мысалы, бақылау өнімінде Са -15 мг-ды құраса, тәжірибелік өнімде 25,8мг. Бақылау өнімінде Na-532 мг құраса, тәжірибелік өнімде-542 мг; фосфор 182,5 мг, тәжірибелік өнімде -210 мг. Әрбір минералды зат ағзада белгілі бір роль атқарады. Атап айтатын болсақ фосфор және кальций элементтерінің сүйек тінін құрудағы рөлі айрықша. Магний тамыр кеңейткіштік әсер етеді, ішек перистальтикасын стимулирлейді және өт бөлінуін жоғарылатады [3, 4].

Калий организмнен су және натрий тұздарын бөліп шығарады; темір қан гемоглобинін түзуге қатысады; ағзаның қалыпты қызметін қамтамасыз етеді; марганец және селен сүйектің қалыптасуына әсер етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Пашенко Л.П. Продукты из биоактивированного зерна в технологии хлеба. Хранение и переработка сельхозсырья №7 М.: 2006, с. 41-46

2. Патент РФ № 2184453 «Способ производства ржаного хлеба»
<https://dvs.rsl.ru/semgu/Vrr/SelectedDocs?docid=%2Frsl01003000000%2Frsl010030280000%2Frsl01003028143%2Frsl01003028143.pdf>

3. Оспанов А.А., Джерембаева А.Е., Омаров К.К., Нестерук Н.А. Материалы международной научно-практической конференции Разработка перспективных сортов муки с повышенной пищевой и биологической ценностью Семей: 2005, с. 33-38

4. Ткаченко Андрей Геннадьевич «Изучение биотехнологических процессов производства хлебобулочных изделий с использованием коллоидного раствора хитозана приготовленного на молочной сыворотке» Ставрополь-2009 ; Автореферат

<https://dvs.rsl.ru/semgu/Vrr/SelectedDocs?docid=%2Frsl01004000000%2Frsl01004364000%2Frsl01004364545%2Frsl01004364545.pdf>

НОВЫЙ ХЛЕБОБУЛОЧНЫЙ ПРОДУКТ

А.Төлеуғазықызы Ш.Б Байтукенова, Г.Н.Нурымхан, Н.Мұратжанқызы, А.О.Утегенова

На сегодняшний день очень большое внимание потребителями уделяется качеству выпускаемой продукции. От качества зависит успешное продвижение продукта на потребительском рынке и его способность конкурировать с аналогичными товарами. Связи с этим в работе рассмотрены использование минеральных веществ в производстве хлебобулочных изделий с целью увеличения их качества.

NEW BAKERY PRODUCT

A.Toleugazykyzy, SH.B.Baitukenova, G. N.Nurymkhan, N.Muratzhankyzy, A.O.Utegenova

To date, much attention is paid to the quality of consumer products. The quality depends on the successful promotion of the product in the consumer market and its ability to compete with similar products. This regard, the paper discusses the use of minerals in the manufacture of bakery products in order to increase their quality.

ӘРТҮРЛІ ТОТЫҚТЫРҒЫШТАРМЕН ЖҮГЕРІ КРАХМАЛДЫ ТОТЫҚТАНДЫРУДЫҢ РЕАКЦИЯ ЖЫЛДАМДЫҒЫНА ТЕМПЕРАТУРАНЫҢ ЫҚПАЛЫН ЗЕРТТЕУ

Мақалада нативті жүгері крахмалынан тотықтандырылған крахмалды алуды зерттеудің мәліметтері келтірілген. Зерттеу нәтижесінде тотыққан крахмалды өндіру барысында температураны дұрыс таңдау түрлендірілген крахмалдың тотығу дәрежесі мен тұтқырлығы сияқты соңғы параметрлеріне әсер ететіндігі анықталды.

Түйін сөздер: нативті крахмал, модифицированный крахмал, окисленный крахмал, окислитель, катализатор.

Қазақстан агроөнеркәсіп кешенінің басты мақсаты елімізді азық-түлік қауіпсіздігімен қамтамасыз ету болып табылады. Астық егін жинау басшылығына қазіргі заманғы және тиімді тәсіл оны терең қайта өңдеу болып табылады. Астық өндіру кешенін Қазақстанда дамыту үшін осы бағыттағы маңыздылығын анықтаудың бірнеше себептері бар: мұндай отандық және түрлендірілген крахмалдар, қантталған крахмал ретінде тауарлардың елдің импортқа тәуелділігі; дақылдарын тиімді өңдеу технологияларын құруға арналған мүмкіндіктері, терең өңдеуді дамыту елді әлеуметтік-экономикалық дамыту үшін маңызды болып табылады.

Түрлендірілген крахмалдар, тотыққан крахмал ретінде кеңінен көптеген салаларда азық-түлік, өнеркәсіп, кондитерлік, пісіру, консервілік, тағамдық концентраттар, сүт, еттік және қағаз, былғары, полиграфиялық, фармацевтикалық өнеркәсіп, металлургия, т.б. қолданылады.

Практика ол түрлендірілген крахмалдар қолданбай жоғары сапалы және бәсекеге қабілетті өнім алу мүмкін емес екенін көрсетеді. Сонымен қатар крахмал қасиеттерінің қоғамдық өзгеруіне агент өзгерту шағын саны (қауіпсіз) қажет. Модификацияланған крахмалдар тамақ өнімдерінде тұрақтандырығыш, толтырғыштар ретінде пайдаланылатын, адам денсаулығы мен өмірі үшін қауіп төндірмейді және денсаулық сақтау органдарымен ресми түрде Е тобының тағамдық қоспалары ретінде қолдануға БҰҰ, ЕО, АҚШ және т.б. елдерде рұқсат етілген.

Қазіргі уақытта, астық шикізатының терең өңделетін негізгі өнімдерінің бірі - крахмалды өндіру мен тұтыну, әлемде үздіксіз артып, өнеркәсібі дамыған елдер экономикасында жетекші орындардың бірін алып жатыр. Мәселен, әр алуан астық шикізат түрлерінен крахмалды өндіру (жүгері, картоп, бидай, күріш, тапиока және т.б.) жыл сайын шамамен 61,4 млн. тоннаны құрайды.

Инновацияның жоғарғы қарқыны, негізінде, крахмал-сірне саласында нативті крахмалды түрлендірудің түрлі технологияларын әзірлеумен байланысты, яғни, мақсатты түрде оның тәжірибеде құнды қасиеттерін басқаруға мүмкіндік беретін биотехнологиялық немесе физико-химиялық ықпал ету, тағамдық және де басқа өнеркәсіптік салалар үшін маңызды болып табылады [1-2].

Тотыққан крахмалды алуда тотықтырғыштарды таңдаудың теориялық негіздемесін жүргізу нәтижесінде сутек тотығы мен натрий гипохлориді сияқты тотықтырғыштар қарастырылды.



Сутегі тотығы – экологиялық таза тотықтырғыш болып саналды, өйткені оның ыдырау өнімдері – оттегі мен су – қоршаған ортаны ластамайды. Натрий гипохлоридімен тотықтыру - дүниежүзінде тотыққан крахмалды алуда кеңінен қолданылатын әдіс болып табылады.

Жоғарыда айтылған бойынша нативті крахмалды сутек тотығы мен натрий гипохлориді (NaClO) тотықтырғыштарымен әртүрлі температурада тотықтыру жүргізілді. Сыналатын үлгілерде тотығу тиімділігі ISO 11214 сәйкес карбосилді топтарға жататындығы анықталды.

Көптеген зерттеулер бойынша, температура химиялық реакцияның жылдамдығына маңызды ықпал етуі мүмкін. Берілген жұмыста тотықтану дәрежесі (карбоксил топтарының бар болуы) ментотықтанған крахмалдардың тұтқырлығына температураның әсері зерттелді (1- сурет).

1 А суретінде көріп тұрғандай, сутек асқын тотығымен тотықтырып, реакцияның температурасын 35⁰С-тан 40⁰С-қа дейін жоғарлатқанда, карбоксил топтарының мөлшері 0,22% - дан 0,28%-ға дейін ұлғаяды, алайда температураны 55⁰С-қа дейін жоғарлатқанда, тотығу дәрежесі төмендейді. Осылай натрий гипохлоритімен тотықтырған кезде карбоксил топтарының мөлшері 0,27% - дан 0,32%-ға дейін ұлғаюы байқалады, бірақ температураның 55⁰С-тан жоғарлатқанда, крахмалдың тотығу үрдісін баяулатады және карбоксил топтарының мөлшері азаяды.


Бұл температура 55⁰С-тан жоғарлағанда, тотықтырғыштардың ыдырауымен байланысты, нәтижесінде карбоксил топтарының (тотығу дәрежесі) мөлшері төмендейді.



1-сурет – Тотыққан крахмал параметрлеріне температураның әсері

Тотыққан крахмалдардың тұтқырлығының температураға тәуелділігі бойынша зерттеулер көрсеткендей (1 Б -сурет), температураны 35⁰С-тан - 40⁰С дейін көтергенде, сутек асқын тотығымен тотықтырылған крахмалдардың тұтқырлығы 27с-тан 19с-қа дейін, натрия гипохлоритімен 16с-тан 12с-қа дейін төмендейді, температураны 55⁰С-қа дейін арттырған кезде тұтқырлығы болмашы артады. Бұл температураның жоғарлауы тотықтырғыш белсенділігінің артуына, сонымен қатар, крахмал гельдерінің ісінуіне байланысты.

2 суретте нативті жүгері крахмалы мен гипохлорид натриймен тотыққан крахмалдың электронды микорфотсуреттері келтірілген. Суреттен гипохлорид натриймен тотыққан крахмалда түйіршік бегі өзгереді.



А - нативті крахмал,

Б - тотыққан крахмал

2-сурет – Крахмалдың электронды микросуреттері

Зерттеу нәтижесінде тотыққан крахмалды өндіру барысында температураны дұрыс таңдау түрлендірілген крахмалдың тотығу дәрежесі мен тұтқырлығы сияқты соңғы параметрлеріне әсер етеді. Қарастырып отырылған тотығу параметрлері қажетті өңдеу қасиеттері бар өнім алуға мүмкіндік береді, мысалы: төмен тұтқырлық пен желе түзгіш қасиеті.

Әдебиет

1.Трегубов Н.Н., Жарова Е.Я., Жушман А.И., Сидорова Е.К. Крахмал және крахмал өнімдерінің технологиясы. – М.: Жеңіл тамақ өнеркәсібі, 1981. – 421 с.

2.Fabiano F.T., Graziela O.S., Francisco E.K., Ivo M.D. Калий перманганаты және сүт қышқылы бар түрлендірілген тропикалық крахмалдар сипаттамасы// Braz. Arch. Biol. and Technol. –2004. – Vol. 47. – № 6. – P. 921–931.

ИССЛЕДОВАНИЯ ВЛИЯНИЯ ТЕМПЕРАТУРЫ НА СКОРОСТЬ РЕАКЦИИ ОКИСЛЕНИЯ КУКУРУЗНОГО КРАХМАЛА РАЗЛИЧНЫМИ ОКИСЛИТЕЛЯМИ

Г.Х.Оспанкулова, М.М.Кахимов, Г.Б.Абдилова, Ж.Н.Кәрібек

Аннотация: В статье приводятся данные исследований по получению окисленного крахмала из нативного кукурузного крахмала. Исследованиями выявлено, что при производстве окисленных крахмалов правильный подбор температуры влияет на конечные параметры модифицированного крахмала, такие как степень окисления и вязкость.

STUDY OF THE EFFECT OF TEMPERATURE ON THE RATE OF THE OXIDATION REACTION OF CORN STARCH WITH VARIOUS OXIDIZING AGENTS

G.Ospankulova, M.Kakimov, G.Abdilova, Z.Karibek

The summary: The article presents data of research on the production of oxidized starch from native corn starch. The research revealed that the production of oxidized starches proper selection of the temperature effect on the final parameters of modified starch, such as degree of oxidation and viscosity.

ЕТ ЖӘНЕ ӨСІМДІК ШИКІЗАТТАРЫН ФОРТИФИКАЦИЯЛАУ ЖОЛЫМЕН АЛЫНАТЫН АЗЫҚ-ТҮЛІК ӨНІМДЕРІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ПАЙДАСЫ

Бұл мақалада адам денсаулығы сапасын теңіз орамжапырағы арқылы жоғарылату жолдары зерттелген. Адам денсаулығының кепілі ретінде тәуліктік тағам рационында дәрумендер құрамының жеткілікті мөлшерде болуымен қатар, оның ағза қажеттілігіне сай болуы керек.

Түйін сөздер: *фортификация, микронутриент, технология, нутриент тапшылығы, анемия, тағам рационы, энергетикалық құндылық, колория, теңіз капуста, ламинария, емдік-профилактикалық.*

Қазіргі таңдағы ең өзекті мәселелердің бірі - әлем халқының денсаулығын жақсарту. Осыған байланысты, бірінші мақсат: адамның денсаулық сапасын жақсартудың оңтайлы жолдары және денсаулықты түзету жолдарын, түрлі аурулардан болатын өлім себептерін анықтау, халық арасындағы аурудың алдын-алудың заманауи технологияларымен қамтамасыз ету. Денсаулық сақтау жүйесін жаңа шарттарда жетілдіру өзектілігін басты назарда ұстап, яғни тағамдағы дәрумендер мен микронутриенттердің жетіспеушілік себептерін анықтап, зерттеу.

Қазақстан Республикасы «Қазақстан-2050» Президенттің Халыққа жолдауында халықтың тамақтануының стратегиялық маңыздылығы қарастырылған, 4-ші басымдылық бойынша «Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі және саулығы» анық көрсетілген. Басқа да маңызды мәселе ретінде халықтың денсаулығын нығайту мен қорғау, түрлі аурулардан емдеу, тамақтануды жақсарту мен өмір сүрудің жарқын жақтарын ұстану қарастырылған [1].

Халыққа жолдауында Президент болашаққа нақты міндеттер қойды. Оның ішінде Нұрсұлтан Әбішұлы «Салауатты өмір салты мен адамның өз денсаулығы үшін ынтымақты жауапкершілігі қағидаты – денсаулық саласындағы және халықтың күнделікті тұрмысындағы мемлекеттік саясаттың ең басты мәселесі болуы тиіс» екендігін атап көрсетті.

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесіне жүргізілген талдау негізінде Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Салауатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының стратегиялық басым бағыттары және іске асыру тетіктері анықталды [1].

Әлемде микронутриент жетіспеушілігін жасырын аштық деп атайды, кедей мемлекеттермен қатар бай дамыған елдер үшін де бұл өзекті мәселеге айналды. Экологиясы нашар қалалардағы өмір, жүйкенің ауырпалықтары және стрестер витаминдер мен микроэлементтердің аса көп шығындалуын талап етеді. Технологиялық процестердің аса жылдам даму заманында қазіргі адамның кәдімгі рационы калориялылығы жөнінен айтарлықтай жеткілікті болғанымен, организмнің көптеген витаминдер мен микроэлементтерге деген мұқтажығын өтей алмайды.

Заманауи тамақтану гигиенасының басты мақсаты – дәрумендермен байытылған толық және сапалы азық-түлік жағдайын жақсарту. Сондықтан, байытылған азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге кепілдеме берілуі керек.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты ет және өсімдік шикізаттарын фортификациялау жолымен алынатын азық-түлік өнімдерінің технологиясын жетілдірудің адам денсаулығына пайдасын қарастыру.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мәліметтері бойынша адамның денсаулығының 50-60% тамақтану мен өмір сүру салтына байланысты. Қазіргі уақытта адам денсаулығына қауіпті факторларға тамақтану жеткіліксіздігі, артық салмақ, микронутриенттер жеткіліксіздігі, маскүнемдік, жоғары қан қысымы, тағамдар мен судың төмен сапасы, қан құрамындағы холестериннің жоғары мөлшері жатады. Бұны Қазақстан Республикасының Тағам академиясының президенті, профессор Төрегелді Шарманов та мақұлдады: «Нутриенттердің тапшылығынан болатын сырқат барлық белгілі аурулардың шамамен 75-80% құрайды, әрі олардан келетін әлеуметтік-экономикалық шығын да аз емес. Қалыпты тіршілік үшін қажетті тіпті аз мөлшердегі микро және макронутриенттердің үнемі жетіспеушілігі көптеген ауруларды туғызып, ушықтырады» [3].

Жоғарыда айтып отырған микронутриент дегеніміз (грекше «микрос» – кішкентай; ағылшынша «нутриент» – тағамдық зат) – бұл организмге өте аз мөлшерде қажетті дәрумендер және минералдық заттар тобы. Адамдардың оларға тәуліктік мұқтажы миллиграммен немесе микрограммен есептеледі.

Осыған орай көптеген елдерде, яғни өндірістік дамыған және дамушы елдерді қоса, ұдайы пайдаланылатын және барлық елдің қолы жетерлік тағамдық өнімдерді үнемі витаминдермен және минералдармен байыту көптеген микронутриенттік тапшылықтардың алдын алуға, оның ішінде ТЖА (темір жетіспеушілігі анемиясы) таралуын тежеп кемітуге септігін тигізді. Әлемнің 55 елінде, АҚШ, Канада, іс жүзінде Оңтүстік Американың барлық мемлекеттері, Африка мен Оңтүстік-Шығыс Азияның көптеген мемлекеттері, Батыс Еуропаның кейбір мемлекеттерін қоса, заң бойынша ұнды міндетті түрде микронутриенттермен байыту (фортификациялау) қарастырылған және де табысты түрде іске асырылуда [2].

Тағамдарды байытудың артықшылығы мыналар:

- біріншіден, бұл ең нәтижелі табиғи шешім – іс жүзінде тағамдық өнімдерге өңдеу және шикізаттарды сақтау кезінде жоғалтылған тағамдық заттар қайтарылып беріледі;

- екіншіден, бұл ең арзан және әлеуметтік әділ шешім.

Азық-түлік және өнімдердің биологиялық құндылығы оның құрамындағы белоктар, майлар, көмірсулар, дәрумендер, минералдар, органикалық қышқылдар және басқа да компоненттеріне, сондай-ақ азық-түлікке дәм мен хош иіс беретін заттарға байланысты. Өнімнің энергетикалық құндылығы (калориялы мазмұны) органға тотығу (жану) процесінде қоректік заттардың босатылуы және оның физиологиялық қажеттіліктері үшін пайдаланылатын энергия мөлшерінде анықталады.

Қазіргі кезде теңіз капустаcының құрамына өте ерекше мән бөлінуде. Оны биологиялық белсенді қоспа ретінде зерттеулерде кеңінен қолдануда.

Теңіз капустаcы немесе ламинария – теңіз түбінде мекендейтін балдырлар тобына жатады. Бүгінде мұхиттан жылына 550 млрд. тоннадан көп шикі теңіз балдырлары өндіріледі. 1 жылға есептегенде құрғақ салмақта теңіз капустаcын қабылдау Еуропада 70 тоннаны, оның ішінде Францияда 27 тоннаны; ал Солтүстік Америкада 240т, Жапонияда, Корея және Қытайда 70 тен 90 мың тоннаға дейін жетеді. Еуропа халықтарының арасында Франция елі теңіз өнімдерімен қоректенетіндердің ішіндегі ең белсенділері саналады. Франция тұрғындарының орта есеппен адам басына шаққанда тағамда құрғақ түріндегі теңіз өнімдері жылына 10 гр. құрайды, бұл басқа елдермен салыстырғанда 100 есе өте жоғары көрсеткіш. Бірақ, бұл Жапониямен салыстырғанда едәуір аз. Жапония тұрғындарының 1 жылға есептегенде теңіз өнімдерін қабылдау көрсеткіші 10 кг-ды құрады. Бұл елде теңіз өнімдерінің 100-ден астам түрін тағаммен бірге қабылдайды [4].

Теңіз капустаcы шын мәнінде өте пайдалы. Біріншіден, теңіз өнімдері жер бетінде өсетін өсімдіктермен салыстырып қарағанда 7 есе күн көзінен қорғалған. Ал, екіншіден теңіз суынан сіңіріп алатын көптеген нәрлі заттардан құралады. Үшіншіден оның құрамындағы ақуызды, майлы, көмірсулылығы жер бетінде өсетін өсімдіктерге қарағанда бағалы. Теңіз капустаcы денсаулықты жақсартып қана қоймай, ағзаның жасаруы мен адам жасының ұзаруына көмегін тигізеді. Құрамындағы йод мөлшерінің көптігіне байланысты капустаcы сол күйінде және өңделген күйінде йод жетіспеушілігі ауруының алдын алу мен одан емдеп, сауықтыру үшін қолданады.

Ағзадағы йод жетіспеушілігі адам денсаулығына кері әсер ететінін белгілі. Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының мәліметі бойынша әлемнің 2 миллиардтан астам тұрғыны йод жетіспеушілік ауруынан зардап шегіп отыр. Йод жетіспеушілігі әсіресе эндемиялық зобқа әкеліп соқтырады. Бұл Қазақстан тұрғындары үшін де қауіпті ауру саналады. Қазақстанның 80%-ы йод жетіспеушілігімен ауырады, оның тәуліктік мөлшері 40-80 мкг болса, физиологиялық қажеттілігі 150-200 мкг.

Йод жетіспеушілігінің алдын алмаса ол физикалық және ақыл-ой дамуын баяулатады. ұрықтың дамуына кері әсерін тигізіп, оның дүниеге ауру не өлі күйінде келуіне себепші болады, және түрлі ауруларға шалдықтырады, мысалы: соқырлық, мылқау және т.б.

Осы мәселелерді шешу жолы ретінде жоғары сапамен байытылып, биологиялық жолмен йодталған бағалы тағамдарды пайдалану. Тағамды йодтауда органикалық және бейорганикалық йодталған азықтық заттар қолданылады. Бұл йодталған тұз, йодталған ақуыз және т.б. Жоғарыда аталған заттармен қоса емдеудің профилактикалық әдісіне тәулігіне 100-150 грам мөлшерде қабылданатын йодталған ет және одан жасалған өнімдерді атауға болады.

Теңіз өнімдерінің арасында өндіріс үшін емдік профилактикалық азыққа қызыл және қоңыр өсімдіктер жатады.

Ламинария- қоңыр өсімдіктердің арасындағы кәсіптік түріне жататыны, теңіз капустаcы

тағамдық мақсатта кеңінен қолданылады. Өндірісте қоңыр өсімділер анфельци мен филлифория негізіндегі агар және агароид алатын, мармелад пен балмұздақ жасау үшін өндірілетін теңіз өніміне жатады.

Ламинария алысшығыс және солтүстік теңізде 15-20 м. Тереңдікте өседі. Ол өзінің ұзын да кең жалтылдаған қоңыр да қарақоңыр түсімен ерекшеленеді. Теңіз өнімдері 75-80% суды, 6-дан 25%-ға, көмірсулар 15 тен 40%-ға құрғақ өнімге ауысады. Ламинария микро және макроэлементтерге, бром, йод, титан, кобальт, молибденге, В₁, В₁₂, А, D, Е, F, С дәрумендеріне бай.

Теңіз капустаcы өзінің емдік қасиетімен ерекшелене отырып, емдік-сауықтыру жұмыстарында қолданылады. Атеросклероз ауруымен ауыратын адамдардың, асқазан және ішек жолдары, рак ауруларының алдын алуға пайдасы мол.

Теңіз капустаcын аз ғана мөлшерде қабылдау ағзадағы зат алмасу процесін жақсартып, оның тонусын көтеретіндігі ғылыми тұрғыдан дәлелденген.

Ламинарияның қоңыр өсімділері кешенді биологиялық белсенді заттарды: көмірсулар 59%, ақуыздар - 13%, жасуша - 11% , майлар - 2%, минералды тұздар - 3%, ылғал 12%-ды құрайды. Ламинария глюкоза, алгинді қышқыл және оның тұзы негізін атқарады. Бұл азықтарды қолдану терапевтикалық нәтиже көрсетті, яғни асқазан ішек-жолдары ауруларынан емдеп шығарды. Альгинаттар ағзадан ауыр металдарды, радионуклидті сорып шығаруға, қан құрамындағы холестерин мөлшерін төмендетуге мүмкіндік береді. Ламинария ақуызы ағзадағы жоғары сапалы аминокислоттардың бағалығымен сипатталады [5].

Өндірісте теңіз капустаcын құрғатылған және мұздатылған түрінде шығарып, одан консервілер тағайындайды. Сонымен қатар теңіз капустаcын күрішпен, соямен, балықпен және гарнир, дәмдеуіш, салат түрлеріне және нанды дайындайда қамырына қосады.

Тәжірибе нәтижелері: алдымен өндіріс кезіндегі ет шала фабрикаттарын дайындауда:

- өсімді қоспаларды таңдау мен дайындау;
- ет шала фабрикатын дайындау технологиясын құрастыру;
- биологиялық белсенділігі мен тағамдық сапасын зерттеу;
- дәрумендік, минералдық құрамын анықтау, энергетикалық құндылығын бақылау қажет.

Зерттеу барысында теңіз капустаcын тазалап жуып, қайнатып, ыдысқа салып, оған салқын су құйып, отқа 15-20 мин. дейін қайнауына жеткізіп, өнімді сүзу керек. Капустаға тағы бір рет (50⁰C) жылы су құйып, қайнауына жеткізіп, тағы да пісіру. Үш рет осы әдісті қайталағандағы мақсат: теңіз орамжапырағының бойындағы артық минералды заттарды шығару үшін және дәмін жақсарту, және бастапқы түріне келтіру болды. Содан соң теңіз орамжапырағын өнімді ұсақтайтын машинада майдалайды.

Еттен шалафабрикат мына төмендегі технологиялық кесте бойынша 6 кестеде көрсетілген рецептурамен жасалынды.

1 Кесте - Еттен шалафабрикаттың рецептурасы

Шикізат атауы	Өлшеу бірлігі	Шикізаттың шығымы кг-ға 100 кг-ға
2 сортты сиыр еті	кг	56
Түрлендірілген шикізат	кг	14
Шала өңделген май	кг	5
Ұсақталған теңіз өсімдісі	кг	20
Жұмыртқалы меланж	кг	5
ШЫҒЫМЫ:		100
Ұсақ қарабұрыш	г	0,05
асханалық ас тұзы	г	2,0
ішімді су	дм ³	15,0

Зерттеу нәтижесінде дайын шала фабрикаттар физика-химиялық сараптамаға, органолептикалық сапасына әсер етті. Ет шала фабрикатын дайындау барысындағы өндірістік зерттеу нәтижесі теңіз орамжапырағы қосылған 20% ет турамасының мақсатқа сай екендігін көрсетеді. Физика-химиялық көрсеткіші бойынша ет шала фабрикаты 7 кестеде көрсетілген талаптарға сай болуы керек.

2 Кесте - Ет шала фабrikатының физика-химиялық көрсеткіші

Көрсеткіш атауы	мөлшері
Фарштағы майдың массалық үлесі, %	От 12 до 15
Ас тұзының массалық үлесі, %	От 1,2 до1,5
1 өнімнің үлесі, г	10±1
Өндірістен шикізатты жіберу температурасы	-18 ⁰ С

Іштен мұздатылған тағамның температурасы 10⁰С-тан аспауы керек.

Процесті жүзеге асыру кезінде 3% аспайтын температурадан ауытқымау керек. Мұздау деңгейіне жеткен шала фабрикат ары қарай жүзеге асырылмайды. Сонымен қатар шеті сынған не жырылған, өзіне тән емес иісі мен дәмі, қабығы мен қорабы бүлінген шала фабрикат ары қарай жіберілмейді.

